**«Түпқараған гуманитарлық - техникалық колледжі» МКҚК**
(білім беру ұйымының атауы)

«Бекітемін»
Басшының м.а.
_________ Сұлтанғали А.С.
«___» ______________2022 ж.

**Оқу-әдістемелік жұмысы жоспары**
**2022 – 2023 оқу жылына**

Колледждің педагогикалық кеңес отырысында қаралды және мақұлданды.
2022 ж. «31» тамыз №1 хаттама.

**Колледждің миссиясы:** Еңбек нарығының талаптарына, еліміздің индустриалды- инновациялық дамуының міндеттеріне сәйкес келетін жоғары білікті мамандарды дайындау бойынша білім беру саласында жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті қызметтер ұсыну.

**Колледждің әдістемелік тақырыбы:** «Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру және дамыту».

**Мақсаты:** Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін және кәсіби шеберлік деңгейін арттыру үшін жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және жағдайлар жасау жағдайында колледждің инновациялық қызметін әдістемелік қамтамасыздандыру.

**Әдістемелік қызметтің бағыттары:**

1. Ұйымдастырушылық қызмет
2. Оқу-әдістемелік қызметі
3. Педагогикалық кадрлардың біліктіліктерін арттыру
4. Колледждің педагогикалық қызметкерлерінің аттестатталуы
5. Әдістемелік көмек беру (жаңартылған білім беру мазмұны бойынша, модульдік бағдарлама бойынша)
6. Озық педагогикалық тәжірибелерді жалпылау және тарату
7. Жас педагог мектебі
8. Видеосабақтар түсіру, пәндер каталогын құру
9. Семинарлар, вебинарлар өткізу.

## I. Ұйымдастыру жұмыстары

| № | Жұмыс мазмұны | Жұмыс түрі | Өтетін мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1.1 | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жұмыс бағдарламасын, оқу үрдісінің кестесін жасақтау, пән бойынша ОӘЖ-ын жасақтау | Жоспар құру | Тамыз | БОІЖ жөніндегі орынбасары, Әдіскер |
| 1.2 | «Жас педагог мектебі» жұмыс жоспарын бекіту. Тәлімгерлерді тағайындау. | Ұсыныс дайындау | Тамыз | БОІЖ жөніндегі орынбасары, Әдіскер |
| 1.3 | ЦӘК-тың төрайымдарын тағайындау, бұйрыққа ұсыну және ПЦК жұмысын жалғастыру | Әдістемелік кеңес отырысы | Тамыз | Әдіскер |

## II. Көрнекі және техникалық оқу құралдарын дайындау мен өңдеу

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.1 | Оқу кабинетінің жабдықталу және кабинет жоспарына сәйкес жұмыстардың жүргізілуін қадағалау, кабинет төлқұжатын толтыру. | Негізгі құжаттармен жұмыс | Қыркүйек, Жыл бойы | ПЦК төрайымдары, кабинет меңгерушілері. |
| 2.2 | Колледждің оқу үрдісіне қажетті оқу-зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілгендігіне сараптама жүргізу. | Сараптама жұмыстары | Жыл бойы | Кабинет меңгерушілері |
| 2.3 | Барлық кабинеттерде көрнекі құралдардың дидактикалық материалдардың жан-жақты түрлерін жасау/макеттер,тірек сызбалар, кестелер т.б./ | Жабдықтау жұмыстары | Жыл бойы | Кабинет меңгерушілері, үйірме жетекшілері |
| 2.4 | Колледжде оқытылатын пәндер бойынша оқулықпен және ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етуді ұйымдастыру | Негізгі құжаттармен жұмыс | Қыркүйек, жыл бойы | Кітапхана меңгерушісі, пән оқытушылары |

## III. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.1 | Газет-журналдарға мақалалар дайындау және жіберу | Мақалалар | Жыл бойы | Әдіскер, ПЦК төрайымдары, пән оқытушылары. |
| 3.2 | Колледж оқытушыларының біліктілік арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру | Біліктілікті арттыру кестесін жасақтау | Жыл бойы | Әдіскер |
| 3.3 | Педагогикалық идеялар, баяндамалар, мақалалар дайындау (баяндамаларды рәсімдеу) | Ғылыми тәжірибелік конференциялар | Жыл бойы Ережесі мен тәртібі бойынша | Әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 3.4 | Оқытушылардың педагогикалық беделін жоғарылату жұмысы:<br>-Оқытушылардың республикалық,облыстық кәсіби байқауларға қатысуын ұйымдастыру;<br>-Сайыстар өткізу:<br>-Жұмыс және оқу барысында жоғарғы рейтингтік көрсеткіш көрсеткен оқытушылар мен студенттерді марапаттау | Байқаулар мен сайыстар | Жыл бойы, ақпараттық хаттарға сәйкес | Әдіскер, ПЦК төрайымдары, пән оқытушылары |
| 3.5 | Оқу процесінде инновациялық білім технологияларын енгізу, арнайы пәндер бойынша әдістемелік әдебиеттер мен нұсқауларды құрастыру мақсатында облыстық оқу-әдістемелік орталықпен бірігіп жұмыс жасау | Семинар өткізу, жоспар жасақтау | Жыл бойы | Әдіскер, әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 3.6 | Sabak.kz платформасында семинар сабақтары мен пән апталығын ұйымдастыру | Видеосабақтар түсіру, пәндер каталогын құру | Қараша Ақпан | Әдіскер, әдіскер, ПЦК төрайымдары, Пән оқытушылары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.7 | «Жас мамандар» мектебінің жұмысын жалғастыру | Семинар, апталық, сауалнамалар, жоспар жасақтау. | Жыл бойы | Әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 3.8 | Оқытушыларға арналған вебинар,семинар, тренингтер мен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру | Семинарлар мен шеберлік сыныптарын өткізу | Айына 1рет | Әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 3.9 | Жас мамандардың сабақтарына қатысу және талдау жасау | Жас мамандардың өзара сабаққа қатысуын ұйымдастыру және қатысқан сабағына талдау жасау | Жыл бойы | Әдіскер, ПЦК төрайымдары,тәлімгерлер |

## IV. Оқу-әдістемелік жұмыстар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.1 | ПЦК-ның пән апталықтарын ұйымдастыру, өткізу | Ашық сабақ, семинар, дебат сабақтары, сайыс, мамандармен кездесу, ашық есік күндері | Кесте бойынша | Әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 4.2 | Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай апталық өткізу | -Шығармалар сайысы<br>-синхронды диктант<br>-Мәнерлеп оқу<br>-Әдеби-сазды кеш | Қыркүйек | Тілдер циклы Топ жетекшілері |
| 4.3 | Студенттердің білімін тест арқылы және басқа әдістермен бақылау, студенттердің өзіндік жұмысына проблемалық тапсырмаларды дайындауға әдістемелік көмек көрсету | Тест жасақтау, проблемалық тапсырмалар дайындау | Жыл бойы | ПЦК төрайымдары, пән оқытушылары |
| 4.4 | Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы интерактивті технологияларды үйрену және оқу-тәрбие үрдісінде, практика жүзінде қолдану | Материалдар дайындау | Жыл бойы | ПЦК төрайымдары, пән оқытушылары. |
| 4.5 | Әдістемелік кеңес отырысында оқу әдістемелік жұмысының жүзеге асырылуын талқылау. Сабақтарға қатысу, жеке кеңес беру | Әдістемелік нұсқаулар дайындау | Жыл бойы | Әдіскер, ПЦК төрайымдары. |
| 4.6 | Студенттердің техникалық шығармашылық | Көрме, үйірме жұмыстары | Жыл бойы | Шығармашылық топ жетекшісі, үйірме |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жұмыстарын дамытуға бағытталған шаралар ұйымдастыру | | | жетекшілері, кабинет меңгеушілері |

## V. Оқытушылардың педагогикалық біліктілігін көтеру

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.1 | Инновациялық технологиямен оқыту және интерактивтік технологияларды енгізу арқылы жұмыстарды жетілдіру үшін озық тәжірибелерді насихаттау | Жоспар жасақтау | Жыл бойы | Әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 5.2 | Басқа облыстарға,қалаларға оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін курстарға жіберу | Ұсыныс беру | Жыл бойы | Әдіскер |
| 5.3 | Колледжішілік педагог - модератор біліктілік санатқа өтетін оқытушылардың өтініштерін қабылдау және аттестациядан өткізу | Ұсыныс беру. Пед кеңесте талқылау | | Әдіскер |
| 5.4 | Аттестациядан өтетін оқытушылардың құжаттарының дайындығын тексеру, талқылау | Ереже бойынша | Мамыр желтоқсан | Әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 5.5 | Облыстық Білім білім басқармасына педагог - шебер және педагог - сарапшы біліктілік санатына көтеру немесе қайта өтуге өтініш беру | Өтініш жазып, ұсыныс беру. | Қаңтар | Әдіскер, Аттестаттау комиссия мүшелері |
| 5.6 | 2022-2023 оқу жылындағы оқытушылардың шығармашылық есептерін дайындау | Жылдық есеп | Мамыр | Әдіскер, ПЦК төрайымдары |
| 5.7 | Колледж жұмысының жылдық есебін дайындау | Жылдық есеп | Маусым | Әдіскер |

**Әдістемелік кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

| Мерзімі (орындалысы) | № | Өткізілетін іс-шаралар | Жауапты |
|---|---|---|---|
| **№1 отырыс. Тақырыбы: «Сапалы білім мен саналы тәрбие - Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы»** | | | |
| **қыркүйек** | 1 | Әдістемелік кеңес құрамын бекіту | Колледж басшысы А.С. Сұлтанғали |
| | 2 | Колледждің 2020-2021 оқу жылына арналған әдістемелік жұмысының, әдістемелік кеңестің, пәндік цикл комиссияларының жоспарларын, оқу жұмыс бағдарламалары, ПЦК төрайымдарын бекіту бекіту. | Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер, пцк төрайымдары |
| | 3 | Аттестаттау комиссиясының құрамын және біліктілік санатын тағайындауға, растауға өтініш берген оқытушылардың тізімін бекіту. | Әдіскер Кадр маманы |
| | 4 | «Жас педагог мектебінің» құрамын бекіту және жетекші тағайындау, жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған оқытушыларға тәлімгерлер тағайындау. | Әдіскер Пцк төрайымдары |
| | 5 | Семинар апталықтарын өткізу кестесін бекіту. | Әдіскері Пцк төрайымдары |
| | 6 | Оқу әдістемелік кешендерді бекіту. | Әдіскер, цикл төрайымдары, оқытушылар |
| **№2 отырыс. Тақырыбы: «Біліктілікті арттыру – кәсіби өсудің кепілі»** | | | |
| **Қараша** | 1 | Алдыңғы шешімдердің орындалуы | Хатшы |
| | 2 | Аттестаттаудан өтетін оқытушылардың тізімін нақтылау, құжаттарын реттеу, мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін оқытушылардың тестілеуден өтуін ұйымдастыру | Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Әдіскер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 3 | Ұстаздардың тәжірибелерін жинақтап, тарату жұмыстарын ұйымдастыру, тәжірибесі таратылып, насихатталатын оқытушылардың тізімін нақтылып, бекіту | Әдіскер |
| | 4 | 1 курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық портреті | Колледж психологы |
| **№3 отырыс. Тақырыбы: «Бәсекеге қабілетті маман даярлау – заман талабы»** | | | |
| **Қаңтар** | 1 | Алдыңғы шешімдердің орындалуы | Хатшы |
| | 2 | Арнайы білім беру пәндері бойынша колледжішілік пән апталығын ұйымдастыру, материалдарын бекіту | Колледж әдіскері, Пцк жетекшілері |
| | 3 | Арнайы пәндер бойынша студенттердің білім көрсеткіштерінің мониторингісін талдау | Колледж әдіскері, Пцк жетекшілері |
| | 4 | Баяндама: Әлеуметтік серіктестіктер мүмкіндігін пайдалану. | Басшының оқу-өндірістік жөніндегі орынбасары |
| **№4 отырыс. Тақырыбы: «Нәтижеге бағытталған әдістемелік жұмыстар»** | | | |
| **Наурыз** | 1 | Алдыңғы шешімдердің Орындалуы | Хатшы |
| | 2 | 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы | Колледж әдіскері, Пцк жетекшілері |
| | 2 | Жаңа білім беру технологияларын енгізу жайы | Колледж әдіскері, Пцк жетекшілері |
| | 3 | Жас оқытушылардың есебі | Әдіскер, «Жас оқытушылар мектебінің» тәлімгерлері |
| | 4 | Аттестаттаудан өтетін оқытушылардың мониторингі | Колледж әдіскері, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 5 | Баспасөзге ұсынуға оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерін зерделеу, баспа басылымдарына оқытушылар мақалаларының жариялану барысы | Колледж әдіскері, Пцк жетекшілері |
| **№5 отырыс. Тақырыбы: «Жыл қорытындысы: білім беру сапасын арттыруға бағытталған жоспар»** | | | |
| **мамыр** | 1 | Алдыңғы шешімдердің орындалуы | Хатшы |
| | 2 | Әдістемелік жұмыстардың жылдық қорытындысы, рейтинг көрсеткіштері | Директордың оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары ПЦК төрайымдары |
| | 3 | «Жас педагог мектебінің» жетекшісінің есебі | «Жас оқытушылар мектебінің» жетекшісі |
| | 4 | Студенттердің білім көрсеткіштерінің мониторингі | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| | 5 | Оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарының орындалу деңгейі | Әдіскер |
| | 6 | 2023-2024 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспарларын, оқытушылар жүктемесін талқылау | Колледж директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Әдіскер, ПЦК төрайымдары |

**«Түпқараған гуманитарлық – техникалық колледжі» МКҚК**
**Әдістемелік кеңесінің отырысы**
**№ 1 Хаттамасы**

«1» 09 2022 ж. Түпқараған ауданы

**Қатысқаны:** Басшы, Басшының орынбасары, әдіскер, пцк жетекшілері, колледждің педагог қызметкерлері.
**Қатыспағаны:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІ**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Әдістемелік кеңес құрамын бекіту | Басшының ОІЖ орынбасары<br><br>Әдіскер |
| 2 | Колледждің 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмысының, әдістемелік кеңестің, пәндік цикл комиссияларының жоспарларын, оқу жұмыс бағдарламалары,<br>ПЦК төрайымдарын бекіту бекіту. | |
| 3 | Аттестаттау комиссиясының құрамын және біліктілік санатын тағайындауға, растауға өтініш берген оқытушылардың тізімін бекіту. | |
| 4 | «Жас педагог мектебінің» құрамын бекіту және жетекші тағайындау, жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған оқытушыларға тәлімгерлер тағайындау. | |
| 5 | Семинар апталықтарын өткізу кестесін бекіту. | ПЦК жетекшілері |

**Тыңдалды: Күн тәртібіндегі І мәселе бойынша Әдіскер Жанабаева С.К.**
2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың есебін берді. Колледж 2021-2022 оқу жылында **:** **«**Заманауи мамандарды дайындау мақсатымен оқу үрдісінде оқытудың ақпараттық технологияларын пайдалану» әдістемелік тақытырыбында жұмыс жүргізді. Өткен оқу жылында жоспарланған 5 (бес) әдістемелік кеңестер өткізілді. Біліктілік арттыру курсы, кәсіби озық тәжірибені тарату жұмыстары, «Жас педагог» мектебінің жұмысы, аттестаттау комиссиясының жұмысы, педагогтар арасындағы байқаулар, студенттердің ғылыми-шығармашылығы мен пәндік олимпиада бойынша талдау жасады.

**Тыңдалды: Кеңес төрайымы ІІ мәселе бойынша Жоламанова А.Д. -** Ұжымды жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстардың жоспарымен таныстырды. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстардың жоспарын кеңес талқылады. әдістемелік кеңестің, пәндік цикл комиссияларының жоспарлары қаралды, қабылданған мамандықтар бойынша модульдік кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бекітілді. Колледжде 2 циклдік әдістемелік комиссиясы: Гуманитарлық және жалпы білім беретін пәндер ЦӘК; Жаратылыстану және арнайы пәндер ЦӘК тағайындалды.

**ІІІ мәселе бойынша Аттестаттау комиссиясының төрайымы Танатарова А.А. сөзі –** Аттестаттау комиссиясының құрамын және біліктілік санатын тағайындауға, растауға өтініш берген оқытушылардың тізімі бекітілді. Білім беру жүйесінде педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзырлылығын арттырудағы сұранысын қанағаттандыру; мұғалімдерге әдістемелік, ғылыми-кеңестік, тәжірибелік көмек көрсету мақсатында талқыланып жасалды.

**IV мәселе бойынша Әдіскер Жанабаева сөзі -** «Жас педагог мектебі» жұмыс жоспары жас мамандардың кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттырудың тиімді тәсілдерін ұсыну мақсатында жасақталды. Жаңа оқу жылында келген жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау, іс шаралары, атқарылған жұмыстарына талдау жасау арқылы жұмыстар жүргізілді.

**Тыңдалды: пцк жетекшісі А.Дуанаева-** Жас оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету үшін, оқу жылы жоспарында тәжірибелі педагогтарыдың шебер сыныптарын жоспарланды. Колледж оқытушыларының әдістемелік бірлестіктері жұмыстарын – білім сапасының деңгейін көтеруге және ашық сабақтар орнына үйрету сабақтарын дайындап өткізуде әдістемелік көмек көрсетуге жұмыстануымыз қажет.

**Күн тәртібіндегі V мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Ж. Иманғалиева сөзі -** Семинар апталықтарын өткізу кестесін екі бағытта өткізуге. Жалпы білім беретін пәндер мен арнайы пәндерден жаңартылған білім беру мазмұнында интербелсенді әдістерді қолдану бойынша sabak.kz порталында on-line тәжірибе алмасу сабақтарына пцк жетекшілерімен жоспарына сәйкес отырыстары өткізіліп, талдаулар жасалды.

**Шешті:**

1. Әдіскердің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Колледждің әдістемелік жұмыс жоспарлары бекітілсін.
3. Ұсынылған педагогтар әдістемелік бірлестік жетекшілігіне тағайындалсын және бірлестіктердің жұмыс жоспарлары бекітілсін.
4. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалсын.
5. Семинар апталықтарын өткізу шаралары ӘБ жетекшісі Ж. Иманғалиеваға жүктелсін.

**Кеңес төрайымы:** Жанабаева С.К.

**Кеңес хатшысы:** Иманғалиева Ж.Н.